Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.04.2023 ж.	Сейсенбі 11.04.2023 ж.	Сәрсенбі 12.04.2023 ж.	Бейсенбі 13.04.2023 ж.	Жұма 14.04.2023 ж.
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.	Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау. Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Байланыстырып сөйлеу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. Байланыстырып сөйлеу.

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы туралы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балабақша жарнасын уақытымен төлеуін айту.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында қабылдап жақсы көретінімізді сезіндіру.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу</p>	<p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Балаларды әлеуметтік және эмоционалды</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта» Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету. Біртекті заттарды</p>	<p>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>	<p>Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. (сөйлеуді дамыту) Бір-бірімен,</p>	<p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр,</p>
<p>әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>интеллекті тәрбиелеу.</p>	<p>топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.</p>		<p>ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды</p>	<p>қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>

<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>№1 кешен 2 «Тартыламыз» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру. Қайталануы: 4 рет 3 «Иілеміз» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу Қайталануы: 4-5 рет 4 «Секір» ойыны: Б.қ.: еркін тұру Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет,</p>	<p>№2 кешен 2 «Күн» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру. Қайталануы: 4 рет. 3 «Тук-тук» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу. Қайталануы: 4-5 рет. 4 «Жасырынбақ» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде Орындалуы: жүрелеп отыру – «балалар тығылды»,</p>	<p>№3 кешен 1. «Сағаттар» ойыны: Б.қ.: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: Қолды алға-артқа сермеу – «тақ-тұқ» Қайталануы: 4 рет 3 «Терезе» ойыны: Б.қ.: Аяқ параллель, қол төменде Орындалуы: Алға еңкею, тізеге қолын тигізу, басын бұрып оңға-солға қарау «терезеге қараймыз», тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет 4 «Доп» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: бір</p>	<p>№4 кешен 1. «Құстар» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: Қолдарды екі жаққа созу, сермеу, түсіру. Қайталануы: 4 рет 3 «Құстар су ішеді» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға еңкею, қолды артқа жіберу, тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет 4 «Секең-секең секір» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.</p>	<p>№5 кешен 2 «Шапалақта» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: Қолды алға созу, шапалақтау, түсіру. Қайталануы: 4 рет 3 «Сарымсақ» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға еңкею, қолды екі жаққа созу, тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет 4 «Серіппелер» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында жеңіл</p>
----------------------------------	--	---	---	--	--

	жүрумен алмастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары	алақандарды тізеге қою. Қайталануы: 4-5 рет. Қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.	орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.	Сауықтыру-шынықтыру шаралары	жартылай отырып тұру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру. Қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. (сөйлеуді дамыту) Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.	Астан соң беті-қолды жуу. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Баяғы заманда адамдар жер бетін төрт бұрышты деп ойлаған. Көп адамдар жердің шетін тауып сол жерге барып жердің шетінде не бар екенін көргісі келген. Атпен немесе жаяу жолға шығып көп жер жүріп, суға тірелген. Кейбіреулер кемеге мініп ары қарай жүрген. Соңында	Балаларға ғарыш кемесінің неше бөліктен тұратынын анықтап, табиғи қалдық заттардан ермексаздан құрастырғызу. (мүсіндеу) Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.	Зымыранның суретін бояу. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін дұрыс (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. (сурет салу). Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын	Балаларға ғарыш кемесін құрастыру құралдарынан құрастыруды және Байқоңыр қаласының суретін салуды ұсыну. Балаларды орталықтарға бөліп жұмыс жасату. (құрастыру және сурет салу) Құрастыру	Алғашқы Қазақстандық ғарышкер кім еді? Ал әлем бойынша ғарышқа алғаш ұшқан кім екенін білесіңдер ме? Ғарышқа бірінші болып ұшқан орыс ғарышкер иттері Белка мен Стрелка болды. Ғарышқа ұшқан және Жерге аман-есен

	<p>қайта айналып өзінің шыққан жеріне келіп, адамдар жердің шар тәрізді екенін білген. Содан соң олар ғарыш әлемін зерттей бастаған деп ғарыш әлемінің макетін көрсетіп не білетіндерін сұрау, әңгімелету. Осы ғарышқа немен барамыз? Ғарыш кемесін кім басқарады? Ғарышкерлер қандай болады? Әңгімелету. (көркем әдебиет)</p> <p>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.</p>		<p>жүргізе білу.</p>	<p>дағдыларын дамыту. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу.</p>	<p>оралған алғашқы жануарлар. Олардың ұшуы 25 сағаттан астам уақытқа созылды, осы уақыт ішінде Кеме жерді 17 рет айналып өтті. Аспандағы жұлдыздар үлкен және кішкентай болатынын көріп келіпті. Біздің ғажайып сандықтан көптеген жұлдыздар шығады оларды салыстырып ойнайық. Карточалармен жұмыс. Жұлдыздарды сәйкестендіру. (математика негіздері)</p> <p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>		<p>1.Дене шынықтыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мақсаты: Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін</p>		<p>1.Дене шынықтыру Жүгіру. Мақсаты: Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша</p>	<p>2.Дене шынықтыру (жузу)</p>

		<p>алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p> <p>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>ЖДЖ: Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. <p>Ойын: «Апандағы аю» ойынын ойнау.</p> <p>Қорытынды: «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу.</p> <p>2. Музыка</p> <p>«Тәрбиеші» әнін үйрету «Тақия тастамақ» ойыны</p> <p>Мақсаты : Ойлау ,сезу</p>		<p>тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.</p> <p>ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму.</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен жүгіру. <p>Ойын: «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау.</p>	
--	--	--	--	--	--

		<p>қабілеттерін дамыту Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.</p>		<p>Қорытынды: Тыныс алу жаттығуын орындау. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.</p>	
	<p>Лэпбуктан ғарыш туралы көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (сөйлеуді дамыту) Бір-бірімен,</p>	<p>Балалардан сұрау қалай ойлайсындар, қыздар ғарышкер бола ала ма? Әлемдегі алғашқы әйел ғарышкер-Валентина Владимировна Терешкова. Балалар ғарыш әлемінде адамдар тамақ ішеді ма? Қалай тамақтанады?</p>	<p>Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Карточкаларға сәйкес фигураларды қойып</p>	<p>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. (жапсыру) Жапсыруда табиғи материалдарды және</p>	<p>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды менгерту. Ғарышкер ұшты ғарышқа. Ғарышқа ұшты ғарышкер. Айтшы, ғарыш алыс</p>

	ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.	Қандай тамақтарды ғарышқа алып баруға болады? Суреттер қарап әңгіме құрастыру (көркем әдебиет) Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.	шығуды ұйымдастыру. (математика негіздері) Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.	қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).	па? (сөйлеуді дамыту) Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту.				
Серуен	№1 Көктем белгілерін байқау. Мақсаты: Балаларды өз ынталарымен көктемнің белгі нышандарын анықтауға үйрету (қары еріп кетіп ашылған жерлер, сүмелек мұздар, аспандағы түйдектелген бұлттар, жылғалар т.б.). Көктемнің басынан аяғына дейінгі құбылыстарындағы жүйелілікті айтып,	№2 Қардың, мұздың еруін бақылау. Мақсаты: Қардың, мұздың қасиеттері туралы балалардың түсінік, білімдерін арттыру. Табиғаттағы көктем құбылыстары туралы балалардың білімін арттыру. Қар мен мұздың қай жерде тез еритіндігін көрсету. Неге шалшық түнде мұз болып қатады, ал күндіз ериді? Балаларды аңғарымпаздыққа үйретіп, ойлау	№3 Сүнгі мұздар мен тамшыларды бақылау. Мақсаты: Балалардың көктем нышандары (белгілері) туралы түсінігін, білімін арттыру. Мұз ертіндісі - сүмелек мұзшалардың, тамшылардың қалай пайда болуы туралы түсінік беріп, таныстыру. Көркем сөз: Қар ериді, су ақты, Күндер келді шуақты, Байтақ дала келбеті,	№ 4 Аспан мен күн көзін бақылау. Мақсаты: Балалардың назарын көктем мезгіліндегі жарқыраған күн көзіне, ашық аспанға аударып, әңгіме - сұхбат жүргізу. Сондай - ақ күн көзінің таңертен ерте "оянып" жоғары көтерілгеніне, жер - ананы, барша табиғатты мол шуағына бөлеп тұрғанына балалардың көңілін аударып, әңгімелеу. Аспанда мап - мамық	№ 5 Шалшық жылғаларды бақылау. Мақсаты: Табиғаттың көктемдегі құбылыстары туралы балалардың түсінік - білімдерін арттыру: шалшық жылғалардың пайда болуын бақылау. Табиғаттағы судың буға айналуы туралы түсінік беру. Көктемге, жылы күндердің келуіне қуана білу. Мақсаты: Балалардың

<p>түсіндіру. Наурыздың 21 - інші - күн мен түннің теңелетін күнін ерекше атап айту: күн тура - 12 сағат, түн де - 12 сағат. Осы күннен бастап күн тез ұзара бастайды, аспандағы күннің көзі де жоғарылай береді. Енді оның алтын нұры жерге тік түседі, қар оған шыдамай ери бастайды.</p> <p>Көркем сөз: Бактар мүлгіп қуаныш тосады әлде, Көрік беріп тұрғандай осы әлемге. Келген көктем аялап қарт шопанды, Шопан көктемді оятып, қосады әнге.</p> <p>Қимылды ойын: "Аузыңды ашып тұрып қалма, Тез өзіңе орын сайла!"</p> <p>Мақсаты: Жылдам жүруге үйрету, ойын шартын бұзбай жаттығулар жасау.</p> <p>Еңбек: Кіреберісті</p>	<p>қасиеттерін қалыптастыру.</p> <p>Көркем сөз: Ағымды сайға қар суы, Көктемнің қандай тартуы? Құс көзі жерге қуатты, Төгеді нұрлы шуақты.</p> <p>Қимылды ойын: "Үйшіксіз қоян"</p> <p>Мақсаты: Жүгіру жаттығуларын дамытып, айналада тез бағдарлай білу.</p> <p>Еңбек: Алаңшада су жүретін өзекшелер жасау.</p> <p>Мақсаты: Еңбекке дағдыландыру.</p> <p>Алаңшада тәртіп сақтауға үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: Екі аяқпен бірдей алға секіру.</p> <p>Жұмбақтар: Отқа жанбас, Суға батпас. (мұз) Адамгершілікке баулу.</p>	<p>Түкті кілем сияқты.</p> <p>Еңбек: Жүргінші жолдарды еріген қардан, мұздан тазарту.</p> <p>Мақсаты: Еңбекке дағдыландырып, күректі дұрыс ұстауға машықтандыру.</p> <p>Қимылды ойындар: "Күн мен түн"</p> <p>Мақсаты: Тез жүгіруді, "қашқан" баланы ұстап алуды үйретіп, ықыласпен тыңдап, үлкен адамды сыйлау қасиеттерін қалыптастырып, оны дамыта түсу.</p> <p>Жеке жұмыс: Бір аяқпен ұсақ тасты, затты теуіп алға секіру...</p> <p>Жорамал: Еріген сүнгі мұзша ұзын болса - көктем ұзақ болады.</p> <p>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.</p>	<p>түйдек бұлттар қалқып жүргендері қандай тамаша!Көктемдегі аспан әлеміне, күн көзіне, күннің ұзаруына көңіл бөліп, балалармен сұхбат жүргізу.</p> <p>Көркем сөз: Әнге бөлеп төбені, Құстар ұшып келеді. Аппақ бұлттар аспанда, Ақ жаңбырын төгеді.</p> <p>Қимылды ойын: "Ордағы қасқыр"</p> <p>Мақсаты: Ұзындыққа секіруді, тез жүгіруді, белгі бергенде бірден жүгіруді үйрету.</p> <p>Еңбек: Жолды қардан тазалап, сыпыру жұмыстарын жүргізу.</p> <p>Мақсаты: Еңбекке дағдыландыру, қоян - қолтық бәрі бірге еңбек ету.</p> <p>Жеке жұмыс: Доппен жаттығулар, допты қабырғаға лақтырып, кейін серпілген допты қағып ұстап алу.</p> <p>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула</p>	<p>көңілін көтеріп, қуанту.</p> <p>Еңбек: Кіші топтың балаларына алаңшада су жүретін өзекшелер жасауға көмек беру.</p> <p>Мақсаты: Кішкентай балдырғандарға қамқор болу.</p> <p>Жеке жұмыс: 80 - 85 метр орташа жылдамдықпен жүгіртіп, жаттығулар жүргізу.</p> <p>Мақал - мәтелдер: Наурыз айында қойдың құмалағы арға батса - көктем ерте болады.</p> <p>Жұмбақ: Күндіз бәрі қашады, түнде аспанды басады. (жұлдыз)</p> <p>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.</p>
---	---	---	---	--

	<p>қардан, мұздан тазарту. Мақсаты: Еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Жеке жұмыс: хоккейшілер ағаларына еліктеп іс - қимылдар жасай білу, шайбаны қақпаға таяқшамен кіргізу. Мақал - мәтелдер: Мезгіл жетсе, Мұз да ерір. Жорамалдар: Төбедегі сүнгі мұздар ұзын болса, көктем ұзақ болады. Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту.</p>			<p>сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.</p>	
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	<p>Ауа райын бақылап, күннің райын айта білуді қалыптастыру. Құстарға жем беру, өсімдіктерге гүлдерге күтім жасату.</p>	<p>Балаларға ғарышта сонымен қатар жатпланеталықтарда болатынын айту. «Томпақ» фильмінің бір бөлімін көрсету.</p>	<p>Ауа райын бақылату. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту. (қоршаған ортамен</p>	<p>Үйірме жұмысы: «Кішкентай мүсіншілер» Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға</p>	<p>«Мен ғарышкер боламын» Ж.Смақов Жаттауын жаттау. Аспан, аспан, арайлым,</p>

<p>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол. (математика негіздері) Балаларға оң және солын көрсетуді меңгерту.</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>	<p>(қоршаған ортамен танысу) Балаларда қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>	<p>танысу) Балаларда қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>	<p>біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Қимылды ойын «Сақина жасыру» Балабақша ауласына ұшып келген құстарды санау, салыстыру. Қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>	<p>Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. (көркем әдебиет) Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Ғарышкер мен оның командасын не істейді суреттерге қарап әңгімелету. Зымыран, ғарышкер, аспан, ай жұлдызды танып атауын ұйымдастыру. Дидактикалық ойын «Сәйкесін тап» (сөйлеуді дамыту) Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп,</p>	<p>Ғарыш кемесін ұлттық нақышта сәндеп көруді және ермексиздан ғарышкердің бас киімін жасап көруді ұсыну. Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Бір орталықта ермексиздан бас киім жасату (мүсіндеу) Жеке жұмыстарын</p>	<p>Бұл күні ғарышқа алғаш Юрий Алексеевич Гагарин атты адам ұшқан. Оған батыр атағы берілген. Арнайы үлкен қорабтардан жасалған зымран ішіне кіріп ойнауын ұйымдастыру, дербес шығармашылық әрекеттеріне жағдай жасау. (мүсіндеу, жапсыру)</p>	<p>Балалар бүгін космонавттар күні. Бұл күні ғарышқа алғаш Юрий Алексеевич Гагарин атты адам ұшқан. Оған батыр атағы берілген. Арнайы үлкен қорабтардан жасалған зымран ішіне кіріп ойнауын ұйымдастыру, дербес шығармашылық әрекеттеріне жағдай</p>	<p>Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу. (сурет салу жапсыру немесе мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша сурет салғызу.</p>

	естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.	ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.	жасау. (мүсіндеу, жапсыру). Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-анаға кеңес: Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Ата-анаға кеңес: Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Ата-анаға кеңес: Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : «Еңбекшілдер ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

жанындағы «Ақбота» шағын орталығы ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 17-21 Сәуір 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.04.23ж	Сейсенбі 18.04.23ж	Сәрсенбі 19.04.23ж	Бейсенбі 20.04.23ж	Жұма 21.04.23ж
------------------------------	-------------------------------	-------------------------------	-------------------------------	-------------------------------	---------------------------

<p>Балаларды қабылдау</p>	<p>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Табиғатпен танысу Табиғат неткен керікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету.</p>	<p>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Әнұран айту Дидактикалық ойын «Менің үйім» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштардың биік үй құрастыру. Құрастыру Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер</p>	<p>«Көктем мезгілі» Мақсаты: Балаларға көктем мезгілі жайлы түсінік беру. Көктемнің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Сөйлеуді дамыту Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.</p>	<p>Балаларды алаңда қабылдау. «Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?» Мақсаты: Балаларға себет туралы түсінік беру. Саңырауқұлақтың түрлерімен таныстыру. Қоршаған ортамен танысу Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.</p>	<p>Балаларды алаңда қабылдау. Әнұран айту. «Жыл мезгілдері: Көктем, жаз белгілері» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру. Қоршаған ортамен танысу Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу</p>
<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға ішкі тәртіп туралы айту.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Кітап бұрышын толықтыруға көмек сұрау.</p>	<p>Ата –аналармен әңгіме: Ішкі тәртіп туралы әңгімелесу.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары,</p>	<p>Д/ойын: «Төрт түлік» Мақсаты: балалардың төрт</p>	<p>Көрме: «Кітаптар арқылы ашылған сырлы әлем» Мақсаты: әр түрлі кітаптармен</p>	<p>Д/ойын: «Өз үйіңді тап» Мақсаты: өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны,</p>	<p>Тақпақ жаттау: «Біз аспазшымыз» Бір тамақты пісіріп, Бір тамақты түсіріп, Анам ылғи жүреді</p>	<p>Д/ойын: «Гүлдердің атауын тап» гүлдердің атауларын Мақсаты: атау</p>

<p>бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>	<p>таныстыру. Жазушылар туралы айтып кету. Көркем әдебиет</p> <p>Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру.</p>	<p>әртүрлі ғимараттар туралы білімді</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету. қалыптастыру;</p>	<p>«Дәмді емес» кім деді? Он жетіге толамын, Мен аспазшы боламын. Мақсаты: әрбір мамандыққа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, өлең жолдарын жатқа айта білуге жаттықтыру.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.</p>	<p>іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>№1 кешен «Тартыламыз» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру. Қайталануы: 4 рет «Иілеміз» ойыны:</p>	<p>№2 кешен «Күн» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру. Қайталануы: 4 рет.</p>	<p>№3 кешен «Сағаттар» ойыны: Б.қ.: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: Қолды алға-артқа сермеу – «тақ-</p>	<p>№4 кешен «Құстар» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: Қолдарды екі жаққа созу, сермеу, түсіру. Қайталануы: 4 рет «Құстар су ішеді»</p>	<p>№5 кешен «Шапалақта» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: Қолды алға созу, шапалақтау, түсіру. Қайталануы: 4 рет «Сарымсақ» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде</p>

	<p>Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу Қайталануы: 4-5 рет</p> <p>«Секір» ойыны: Б.қ.: еркін тұру Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.</p>	<p>«Тук-тук» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізelerін соғу. Қайталануы: 4-5 рет.</p> <p>«Жасырынбақ» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде Орындалуы: жүрелеп отыру – «балалар тығылды», алақандарды тізеге қою. Қайталануы: 4-5 рет.</p>	<p>тұқ» Қайталануы: 4 рет</p> <p>«Терезе» ойыны: Б.қ.: Аяқ параллель, қол төменде Орындалуы: Алға еңкею, тізеге қолын тигізу, басын бұрып оңғасолға қарау «терезеге қараймыз», тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет</p> <p>«Доп» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.</p>	<p>ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға еңкею, қолды артқа жіберу, тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет</p> <p>«Секең-секең секір» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.</p>	<p>Орындалуы: алға еңкею, қолды екі жаққа созу, тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет</p> <p>«Серіппелер» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында жеңіл жартылай отырып тұру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.</p>
Таңғы ас	<p>Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін,</p>	<p>«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p>	<p>Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. Сауықтыру-шынықтыру</p>	<p>Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор» Сауықтыру-шынықтыру шаралары ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру</p>	<p>«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме Сауықтыру-шынықтыру шаралары ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p>

	<p>құлағыммен тыңдаймын» Сауықтыру-шынықтыру шаралары ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p>	<p>ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p>	<p>шаралары ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p>	<p>шараларының кешенін жүзеге асыру.</p>	
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. Сурет салу Әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар)</p>	<p>«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. Көркем әдебиет Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру.</p>	<p>«Теңін тап» Мақсаты: Балалар екі бірдей заттарды таба алады. Математика негіздері Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.</p>	<p>«Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. Қоршаған ортамен танысу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.</p>	<p>«Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады Құрастыру Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>		<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Мақсаты: Қолдың білектерін, иық</p>		<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Мақсаты: Арқаның бұлшық еттерін және</p>	<p>Дене шынықтыру (жүзу) Жалпы дамытушы жаттығулар. Мақсаты: Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның</p>

		<p>белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.</p> <p>Ойын: «Апандағы аю» ойынын ойнау.</p> <p>Музыка "Ағайынбыз бәріміз "әнін үйрету "Дайын бол" ойыны</p> <p>Мақсаты : Ойын арқылы балалардың көңіл күйлерін көтеру</p>		<p>омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Ойын: «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау.</p>	<p>иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Ойын: «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау.</p>
	<p>Балаларға « Бауырсақ» ертегісін оқып беру.Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою</p> <p>Әдеби шығарма</p>	<p>Гемометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру,ұстау және көру тәсілдері арқылы пішінді зеттеу,ұқсас заттарды</p>	<p>Ертегі кітаптарды қарастыру. Таныс «Шалқан» ертегісін үстел-үсті театры арқылы,балаларды рөлдерге бөліп</p>	<p>Ермексаздан түстерін ажыратып, Саңырауқұлақ мүсіндеу.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға</p>	<p>Текшелерден үй құастыру.</p> <p>Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>

	<p>кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру.</p> <p>Бауырсақтың мүсінің ермексазбен мүсіндету.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.</p>	<p>табу.</p> <p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.</p> <p>қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.</p> <p>Фетрдан жасалған пішіндерден «Үйшік» құрастыру</p> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту</p>	<p>сахналау.</p> <p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру.</p>	<p>біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.</p>	
Серуенге дайындық	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау. Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>				
Серуен	<p>№ 1 серуен картотекасы.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: «Көктем келді» туралы оқу Еңбек: Учаскедегі ескі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен</p>	<p>№ 2 серуен картотекасы.</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды қоректендіру. Балалармен жеке</p>	<p>№3 серуен картотекасы.</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Бөлме гүлдерін суару. Балалармен жеке жұмыс: «Гүлдер туралы айту» Қимылды ойындар:</p>	<p>№ 4 серуен картотекасы.</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау. Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып</p>	<p>№ 5 серуен картотекасы.</p> <p>Бақылау: Құмдағы іздерді бақылау. Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір – бірімен салыстыру.</p>

	<p>жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау» Бақылау: Көктемгі ағаштардың бүршік жаруын бақылау. Мақсаты: Көктем мезгілі туралы әңгімелер айту. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>	<p>жұмыс: «Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин) Міне торғай, Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік, Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тыңдау. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>	<p>«Ұшты ұшты» Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Жәндіктерді, құмырсқаларды бақылау Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару</p>	<p>беру «Ағаштар ұйықтай ма?» Қимылды ойындар: Тақия тастамақ. Бақылау: Ағаштардан тамшылап ағып жатқан суларды бақылау. Мақсаты: Ағаштардың жауған жаңбырдың астында, тамшылап тұрған суларды қызығып бақылау Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>	<p>Еңбек: Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: «Санамақ айту» Бөрік тіктім Он ойланып Тоғыз толғанып. Сегіз рет сызып, Жеті рет бұзып Алты рет қарап Бес рет санап Төрт рет қадап Үш тал үкі тағып, Екі қолым талып, Бір бөрік тіктім Әзер деп біттім. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың киімін ретімен шешу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Дербес ойын «Қуыршақты сәнде». Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>Мүсіндеу Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу, заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алуды үйрету.</p>	<p>Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>	<p>Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.Сурет салу Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар)</p>	<p>Кітаппен жұмыс «Аспазшы» Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.</p>	<p>Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.</p> <p>Құрастыру</p> <p>Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Арманға қарандашты дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Сурет салу Көлденең және тік сызықтарды салу</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Ағзамға түстерді ажырата білуге үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету.</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Алижанға құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>Құрастыру</p> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Айяға қыл қаламды дұрыс ұстауға үйрету.Қоршаған ортамен танысу Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне еңбекқор, ұқыптылыққа аудару</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Нұрайға суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.</p> <p>Сурет салу Көлденең және тік сызықтарды салу</p>

Балалардың үйге қайтуы	Ата-анамен әңгімелесу	«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» тақырыбында әңгімелесу.	Балалармен бүгінгі көңіл-күйлері туралы сұрап, қоштасу.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	«Біз бір аптада не істедік» тақырыбындағы көрме ұйымдастыру.
-------------------------------	-----------------------	--	---	--	--

Тәрбие-білім беру үрдісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : «Еңбекшілдер ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
жанындағы «Ақбота» шағын орталығы ортаңғы тобы

Балалар жасы: 3 жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – (24.04.23 ж.- 28.04.23 ж.)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.04.2023 ж.	Сейсенбі 25.04.2023 ж.	Сәрсенбі 26.04.2023 ж	Бейсенбі 27.04.2023 ж.	Жұма 28.04.2023 ж.
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және ыстық мейірімге баулу. Байланыстырып сөйлеу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және амандасу дағдыларын жетілдіру. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. Байланыстырып сөйлеу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері туралы сөйлесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы туралы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тамақтану және ұйықтау әдеби жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында қабылдап жақсы көретінімізді сезіндіру.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балабақша жарнасын уақытымен төлеуін айту.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Гүлдер топырағы құрғап қалғанын бақылатып, оларды суарып топты жинап ретке келтіруді ұйымдастыру. Өсімдіктерге күтім жасауға баулуды жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>	<p>«Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинау. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды салыстыруды дамыту (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету. Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.</p>	<p>Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу. (көркем әдебиет, музыка) Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну. « Ағайынбыз бәріміз»</p>	<p>Ғажайып қоржындағы ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қоржындағы ойыншықтарды шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасау. (математика негіздері) Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.</p>	<p>Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту. Фильм арқылы көрсету. Тәй тәй әнін айтқызу. (сөйлеуді дамыту) Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.</p>

<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>№6 кешен «Поезд келеді» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: шынтақтан қолды бұғу, жазу «дөңгелектер айналу» Қайталануы: 4 рет «Дөңгелекті жөндейміз» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: алға еңкею, тізені шапалақтау, «дөңгелекті жөндейміз», тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет «Қырдан қырға шығамыз» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: жартылай отыру «поезд қырдан қырға шығып келе жатыр» Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p>	<p>№7 кешен «Көлбең-көлбең, көлеңкем» 1. «Көлбең-көлбең, көлеңкем. Көлбеңдеген көлеңкем. Аю қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Аю былай, жүреді оны бәрі біледі. Біт қатармен жүру, аяқтың екі шетіне басып, аю сияқты қорбандап жүру. (1 мин) а) Көлбең-көлбең, көлеңкем. Көлбеңдеген көлеңкем. Түлкі қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Түлкі былай, жүреді оны бәрі біледі. Біт қатармен жүру, түлкі сияқты бұландап жүру (1 мин) б) Көлбең-көлбең, көлеңкем. Көлбеңдеген көлеңкем. Қоян қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Қоян былай, жүреді оны бәрі біледі. Біт қатармен жүру, қоян сияқты секіру. (1 мин) 2. Б.қ: тұрып аяқ арасы ашық иықпен 1- оң</p>	<p>№1 кешен 1.«Тартыламыз» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру. Қайталануы: 4 рет 2.«Иілеміз» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу Қайталануы: 4-5 рет 3.«Секір» ойыны: Б.қ.: еркін тұру Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м</p>	<p>№9 кешен «Жалаушамен жаттығу» 1. Бір қатармен жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.) 2. Бір қатардан екі қатарға тұру. 3. Жалаушамен жаттығу. 1. Б.қ қолда жалауша: 1 – алдыға созу, 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу, 4 – б.қ –қа келу. 6 рет. 2. Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру. 3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен, артынан сол қолмен. 4-6 рет. 3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа жеткізу. 6 рет. 4. Б.қ аяқ бірге, отырып тұру. 10 рет. 5. Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бұғу, 3 – артқа, 4-тізе бұғу. 6 рет.</p>	<p>№2 кешен 1.«Күн» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру. Қайталануы: 4 рет. 2.«Тук-тук» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізел ерін соғу. Қайталануы: 4-5 рет. 3.«Жасырынбақ» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде Орындалуы: жүрелеп отыру – «балалар тығылды», алақандарды тізеге қою. Қайталануы: 4-5 рет. Қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
----------------------------------	--	---	--	---	--

		<p>қолды көтеру, 2-сол қолды көтеру, 3- оң қолды жоғары көтеру, 4- сол қолды, 5- оң қолды жанға созу, 6-сол сияқты сол қолды, 7- төмен түсіру оң қолды, 8- сол қолды төмен түсіру. 6-8 рет.</p> <p>3. Иілеміз оңға, иілеміз солға. Отырамыз, тұрамыз. Құс болып қанат қағамыз. (3-4) рет.</p> <p>4. «Доптар» Б.қ: Еркін тұру. Орнымызда секіру. Тыныс алу жаттығулары. «Қаздар» Б.қ: Аяғымыз алшақ, қолымыз белімізде. Орындалуы: Алдыға қарай еңкейеміз, дыбыс шығару «ш-ш-ш», түзу тұрамыз. Демімізді алып, аузымыздан шығарамыз.</p> <p>Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p>	<p>қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.</p>	<p>6. Б.қ жалау кеуде түсында. Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға – артқа жібере отырып. 10 рет.</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: «Қаздар» Б.қ: Аяғымыз алшақ, қолымыз белімізде. Орындалуы: Алдыға қарай еңкейеміз, дыбыс шығару «ш-ш-ш», түзу тұрамыз. Демімізді алып, аузымыздан шығарамыз. «Ағаш жарамыз» Аяқ алшақ, екі қолды алдыға сермеп, «уф-уф-уф» дыбыс шығару.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p>	
--	--	--	---	--	--

